

05.09.2022 жыл

Құмкент ауылы

Хаттама №1

Меңгеруші жанындағы кеңес

Қатысуы тиіс: 24

Қатысқаны: 20

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Тамыз кеңесінің нәтижесі. Білім беруді дамытудың басым бағыттары.
– 2022-2023 жаңа оқу жылына дайындық
2. Айлық жоспарды бекіту
– Тарификацияға дайындық және өткізу
3. Білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін нығайту
– Тамақтануды ұйымдастыру
4. Бақылау және басқару қызметін ұйымдастыру
– Жаңадан келген педогогтарды бақылауға алу
5. «Қауіпсіздік шараларының ережесін сақтау» қызметкерлерді қауіпсіздік ережесімен таныстыру

ТЫҢДАЛДЫ

1. Бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі Т. Бимырзаева:

Балабақша қызметкерлерін жаңа оқу жылымен құттықтай отырып бүгінгі кеңесті ашық деп жариялады. 2022-2023 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хатымен, ондағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгідік оқу бағдарламасы бойынша толықтырулармен таныстырды. Биылғы жылыда сол үш топ ересек, ортаңғы, кіші топ бойынша топтардың жасақталғанын, топ тәрбиешілері мен көмекші тәрбиешілер құрамында өзгерістің жоқ екендігін айтып өтті.

Әдіскер О.Татимова:

Оқу жылында үлгілік бағдарлама мен үлгілік жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің жобасының жасалғанын, сол жобаны жұмыс барысында басшылыққа алып жұмыс жасайтынымызда айтып өтті. Барлық топтың, балабақша ауласы мен ойын алаңдарының ағымдағы жөндеу жұмыстарынан өткендігін, барлық қажетті құрал-жабдықтардың бала қауіпсіздігі үшін жөндеу жүргізілгендігін, заттық-дамытушы кеңістіктің әр топта балаға қолжетімді, қауіпсіз болып жасақталып, толықтырылғанын тілге тиек етті. Алайда, алдағы уақыттарда әлі де заттық-дамытушы орталардың, дамытушы ойын жинақтары мен қимылды ойындарға қажетті ойын құралдарының толықтырыла түсуі керектігі айтылды.

2. Меңгеруші Т.Бимырзаева:

Балабақша қызметкерлерінің айлық жалақысы, балабақшадағы топ балалардың саны 65 бала бойынша жергілікті бюджеттен қаржыланады. Жан басына шаққандағы

каржыландыру бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 597 бұйрығы негізінде балабақшаға кететін жалпы шығын есептеледі. Балабақша жанынан құрылған сараптау комиссиясы барлық қызметкерлердің еңбек өтілін, біліктілік туралы категорияларын қосып құжаттарының көшірмелерін дайындап, реттеп, есепшіге ұсынады. Есепші ары қарай барлық қызметкерлердің жеке-жеке айлығын, одан кететін шығындар мен оған қосылатын проценттерді есептеп, аудандық білім бөлімінің экономистеріне бекіту үшін келіседі.

3. Медбике У.Байрбекова:

Балабақша топтарындағы қауіпсіздік топ тәрбиешілеріне міндеттелген. Сол орайда, қауіпсіздік ережесімен жалпы қызметкерлерді таныстырып жауапты маман орындауға міндетті. Балабақшаның қауіпсіздік ережесі қатаң сақталуға тиіс.

Әр топтың өз жас ерекшелігін қарай ас мәзірін реттеймін. Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитарияның қағидаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9-шілдедегі № ҚРДСМ -59бұйрығы бойынша талаптар орындалуға тиісті. Осы аталған бұйрықтағы өнімдерді алмастыру кестесіменде топ тәрбиешілері таныстырылып отырады. Балалардың жасына байланысты тез бұзылатын тамақ өнімдері мен фабрикалардың брокераж журналы, С витаминдеу журналы жүргізіліп отырылады. Аптаның әр жұмасы сайын балабақша бойынша күрделі жинап-тазалау жұмыстары жүргізілуі тиіс. Ал, ойыншықтар мен топтардағы басқа да заттар күнделі сабын ерітіндісі қосылған сулармен тазартылып тұруы қажет. Күн сайын топтарда таңертен немесе кешке өзінің стандарттық уақытына сай ультракүлгін сәулесімен тазартылуы қажет. Бала біздің болашағымыз. Сондықтан оның өмірі мен қауіпсіздігі үшін барлығымыз жауаптымыз. Әрбіріміз өз лауазымдық міндеттерімізді орындасак болғаны,-деп айтып өтті.

4. Әдіскер О. Татимова:

Биылғы оқу жылында педагогтер құрамының өзгеріссіз екендігін айта келіп, педагогтердің лауазымдық міндеттерімен, топтарды заттық-дамытушы кеңістік етіп жасақтауды, толықтыруды алдағы уақыттарда бірлесе отырып жасалу керектігін, дамытшы, дидактикалық, қимылды ойындарға қажетті ойындардың қажетті құралдары мен ресурстарын дайындау үшін барлық ұжымның қол көмегінің керек болатындығы жөнінде айтып өтті. Сондай-ақ, топ балаларының үлгілік оқу бағдарламасы бойынша әрбір дағдыны меңгерудің біліктері мен білімдерін нығайту мақсатында жүргізілетін жұмыстарды бақылау үшін түрлі тақырыпта бақылаудың циклограммасының құрылғандығын да айтып өтті.

Ұсыныс

Тәрбиеші Ж.Бижанова:

Түрлі ойындардың қажетті құралдарын жасауда бізге құм, ұсақ домалақ тастар мен қауіпсізх етіп жасау үшін қабығы алынған рейкалар керек болады. Осындай жұмыстарымызға балабақшаның жұмысшысы көмек берсе.

Бұл ұсынысты барлық топ педагогтері қолдады.

5.Шаруашылық меңгеруші А. Маханова:

Оқу жылына байланысты балабақша басшысының бекітіп, кәсіподақ төрайымының келісілген барлық қызметкерлердің қауіпсіздік нұсқаулықтарымен, әрқайсысының лауазымдық міндеттерімен таныстыра отырып, оның орындалу барысымен

таныстырды. Әрбір қызметкер өзі оқып танысып, онымен танысқандығы туралы белгі қалдырды. Сондай-ақ, ішкі еңбек тәртібінің барысымен де таныстырып өтті.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. 2022-2023 оқу жылына дайындық жұмыстары қанағаттанарлық.
2. Жаңа оқу жылының тарификациясын дайындап, есептеу балабақша есепшісіне тапсырылсын.
3. Білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін нығайту басты назарға алына отырып, балабақшаның қауіпсіздік ережелерінің сақталуы шаруашылық меңгерушісіне тапсырылсын.
4. Педагогтердің іс әрекеттеріне қажетті құрал-жабдықтардың толықтырылуы барысында қажетті жұмыстарына көмек беру балабақша жұмысшысына міндеттелсін. Жасалған циклограмма бойынша бақылау мен басшылық жасау әдіскер О.Татимоваға тапсырылсын.
5. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды әрдайым назарда ұстау

Менгеруші  Т. Бимырзаев

Хатшы:  Г. Абдуллаева



04.11.2022 жыл

Құмкент ауылы

Хаттама №2

Меңгеруші жанындағы кеңес

Қатысуы тиіс: 24

Қатысқаны: 23

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Айлық жоспарды бекіту.
2. Қаржы дисциплинасы.
3. Аттестаттау комиссиясының жұмысын талдау. Сараптау тобының нәтижелері.
4. Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері.
5. Мектепке дейінгі мекемеде құқықтық тәрбиені жүзеге асыру жолдары.

ТЫҢДАЛДЫ

1. Меңгеруші Т.Бимырзаева:

Балабақша қызметкерлерінің айлық жалақысы, балабақшадағы топ балалардың саны 65 бала бойынша қаржыланады. Ата-анамен балабақша арасындағы байланысты жандандыруымыз керек. Күнделікті топ тәрбиешілері өз топтарыңыздың ата-аналарымен байланыс жасап, баланың көңіл-күйінің дәрежесіне назар аударуымыз керек. Оқу жылына әр топта ата-анамен жұмыс жоспары жасалынды. Сол жоспар бойынша ата-анамен қажетті іс-шараларды ұйымдастыруда жаңашыл ата-анамен жұмыстың заманауи әдіс-тәсілдерін пайдаланып, онлайн және офлайн форматта ұйымдастыру қажет.

2. Есепші З. Бекмухамедова:

Қаржы тәртібін сақтау – бұл бюджет қаражатын тиімді және мақсатты пайдалану. Қаржылық құжаттарды уақтылы және дұрыс рәсімдеп жатқанын айтып өтті. Тексеру және бақылау – шығындарды бақылап, заңнамалық талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етілуде екенін жеткізді. Әрбір қызметкердің еңбекақысы мен жылына берілетін ақылы еңбек демалысының жыл басында нақтыланған кесте мен әрбір қызметкердің еңбек өтілі, біліктілік санаты мен басқа да тиісті анықтамалары бойынша есептеліп отырғандығында айтып өтті.

3. Әдіскер О. Татимова:

Оқу жылына құрылған аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарымен таныстыра отырып, биылғы оқу жылында әдіскер О.Татимова мен тәрбиешілер Г.Терискенбаеваның, Р.Әділбекованың, логопед М.Абдраманованың, психолог Г.Абдуллаеваның біліктілік санаттарын көтеру үшін өтініш бергендерін, сол бойынша мамандарға іс-құжаттарын жинақтау мен күнделікті іс-әрекеттерін бақылау бойынша іс-шара жоспарының құрылғанын айта келіп, жұмыстарына сәттілік тіледі. Сол себептен ол кісілердің қазіргі

таңда құжаттары реттеліп ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне талдау жұмыстары жүргізілуде.

4.Күн сайын апталық циклограммаға байланысты тақырыптық бақылаулар, жедел бақылаулар, салыстырмалы бақылаулар, ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне күнделікті ену, жалпы 9- сағаттық режимдік сәт бойынша бақылаулар жүргізілуде. Бұл ұйымдастырылған іс-әрекеттерге енудің нәтижесі жұмыс барысында жіберілген кемшіліктердің келесі іс-әрекеттерде қайталанбауына, сондай,ақ педагогтердің бір-бірімен іс-тәжірибе алмасуына тиімділігін көрсетуде.

5.Меңгеруші Т.Бимырзаева:

Балабақшада құқықтық тәрбиені жүзеге асыру үшін ең алдымен балабақша қызметкерлері мен ата-аналардың сауаттылығын арттыруымыз керек. Ол үшін ата-аналармен және балабақша педагогтерімен түрлі тақырыптарды іс-шара жоспары жасалынып отыр. Оның ішіне балалардың қауіпсіздігін сақтау мәселесіде кіреді. Балалардың жол жаракатының алдын алу бойынша балалармен жұмысты жоспарлау және жоспарлау мәселелерін педагогтердің нұсқаулық-әдістемелік кеңестеріне енгізу. Әрбір жас тобы бойынша «Қауіпсіздік мектебі» перспективалық жоспарын құру. Тәрбиеленушілерді жол жүру ережелерімен таныстыру бойынша бөбекжайда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру түрлері сияқты жұмыстар енгізілді. Бала-біздің болашағымыз. Сондықтан әрбір бала бір жұлдыз деп санап, оның келешегі үшін жұмыс жасау біздің міндетіміз.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Айлық жоспар бойынша қызметкерлердің еңбек ақысын есептеу балабақша есепшісі
- 3.Бекмухамедоваға тапсырылсын.
- 2.Есепші қаржы дисциплинасының сақталуын қамтамасыз етсін.
- 3.Аттестаттау комиссиясының жұмысын жоспарға сай жүргізу әдіскер О .Татимоваға тапсырылсын.
4. Балабақшадағы бақылау және басқару жұмысы әдіскерге тапсырылсын.
5. Балабақшада құқықтық тәрбиені жүзеге асыруда үштік одақтың байланысы арттырылсын.



Меңгеруші

Т.Бимырзаева

Хатшы

Г. Абдуллаева

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдырған бөбекжай - балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

03.02.2023 жыл

Құмкент ауылы

Хаттама №3

Менгеруші жанындағы кеңес

Қатысуы тиіс: 24

Қатысқаны: 22

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Айлық жоспарды бекіту
2. Балаларды көше қозғалысы ережелерімен таныстыру жұмысының деңгейі
3. Көктемгі жөндеу жұмыстарына дайындық.
4. Бақылау және басқару жұмыстарының нәтижелері.

ТЫҢДАЛДЫ

1. Менгеруші Т.Бимырзаева:

Балабақша қызметкерлерінің айлық жалақысы, балабақшадағы топ балалардың саны 65 бала бойынша қаржыланады. Айлық жоспарды бекіту үшін, балабақша қызметкерлерінің күнделікті өз кестесі бойынша жұмысқа келіп-кету кестелері назарға алынады. Әрбір қызметкердің өз жұмысына деген жауапкершілігі өздерінің қызметтік лауазымдық міндеттемелеріне сай жүргізілуі керек. Сонда ғана балабақшаның жұмысы жолға қойылары сөзсіз.

2. Менгеруші Т.Бимырзаева:

Балалардың жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көше қозғалысы ережелері туралы білімдерін қалыптастыру үшін балабақшада Қауіпсіздік мектебі жұмыс жоспары жасалғанын, осыған орай әр топ өз жас ерекшеліктерін ескере отырып, балабақша ауласында жол қозғалысы ережелеріне негізделген ойын іс-әрекеттер ұйымдастыруды топ тәрбиешілеріне атап айтты. Алдағы уақытта тәжірибелік іс-әрекеттер мен ата-аналармен бірлескен жолда жүру ережелерін сақтау мақсатында іс-шараларды көбейту керектігі ұсынылды.

3. Менгеруші Т.Бимырзаева :

Көктемгі жөндеу жұмыстарының маңыздылығын атап өтті және орындалуы тиіс шараларды түсіндірді. Көгалдандыру жұмыстарына ата-аналарды жұмылдыру, бұл бала тәрбиесі жолындағы аса маңызды іс екенін айта келіп, көктемгі ерте ұшып келетін құстарға ұя жасау арқылы баланы қамқорлыққа баулу, ағаш көшеттерін отырғызу арқылы баланы өз жемісімізді өзіміз өсіреміз түсінігін қалыптастыруға баулуды қалыптастыру болып табылатынын атап өтті.

Шаруашылық меңгерушісі А. Маханова:

Көктемгі мезгілге сай балабақша ауласы мен топтарда қажетті жөндеу жұмыстарын атап өтіп, алдын ала жасаған жобалық есебімен таныстырды. Балабақша ауласына биылғы жылы қаншалықты гүл көшеттерінің керектігін, қаншалықты жеміс ағаштарын отырғыза алатынымыз туралды жобасын ұсынды.

4.Әдіскер О.Татимова:

Ай сайын топтардың жұмыс бағыттарын анықтау мен салыстыру мақсатында «Балалар ойынына басшылық жасау», «Ертеңгілік жаттығуларды талдау», «Балалардың тамақтануын ұйымдастыру», «Тәрбиешінің серуенді ұйымдастыруы», «Дене тәрбиесі оқу қызметін талдау», «Қимылды ойынды үйрету барысы», «Ертеңгілік өтілімін талдау» бойынша циклограмма жасалып, жүргізіліп жатқандығы туралы мәлімдеді

ШЕШІМ ЕТТІ

- 1.Айлық жоспарды жасау, балабақша есепшісі З.Бекмухамедоваға тапсырылсын.
- 2.Балаларды жолда жүру ережелерімен таныстыру топ тәрбиешілеріне тапсырылсын.
- 3.Көктемгі жөндеу жұмыстарына дайындықты жүргізу шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
4. Балабақшаның басқару мен бақылау жұмысының өз дәрежесінде жүргізуге жауапты әдіскер О.Татимова.



Менгерушісі:

Т.Бимырзаева

Хатшы:

Г.Абдуллаева

07.04.2023 жыл

Құмкент ауылы

Хаттама №4

Меңгеруші жанындағы кеңес

Қатысуы тиіс: 24

Қатысқаны: 21

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Айлық жоспарды бекіту
2. Қорытынды педагогикалық кеңеске дайындық
3. Ауланы көгалдандыру. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары
4. Көшедегі ойын учаскелерінің қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкестігі. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
5. Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері

ТЫҢДАЛДЫ

1. Меңгеруші Т. Бимырзаева:

Балабақша қызметкерлерінің айлық жалақысы, балабақшадағы топ балалардың саны 65 бала бойынша қаржыланады. Айлық жоспарды бекіту үшін, балабақша қызметкерлерінің күнделікті өз кестесі бойынша жұмысқа келіп-кету кестелері назарға алынады. Әрбір қызметкердің өз жұмысына деген жауапкершілігі өздерінің қызметтік лауазымдық міндеттемелеріне сай жүргізілуі керек. Сонда ғана балабақшаның жұмысы жолға қойылары сөзсіз.

2. Әдіскер О. Татимова

Оқу жылының аяқталуы – балабақша ұжымы үшін маңызды кезең. Бұл уақытта атқарылған жұмыстарға талдау жасалып, алдағы мақсат-міндеттер айқындалады. Қорытынды педагогикалық кеңесте тәрбиешілер, әдіскерлер және меңгеруші бірлесе отырып, білім беру мен тәрбие процесінің нәтижелерін қарастырады. Биылғы оқу жылында балабақшамызда бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді. Педагогтар балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, инновациялық әдістерді қолданып, ата-аналармен тығыз байланыс орнатты. Балалардың сөйлеу, ойлау, моторика және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі ойындар, тренингтер мен мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Дегенмен, болашақта жетілдіретін тұстар да жоқ емес. Келесі оқу жылында әдістемелік жұмыстарды одан әрі дамыту, материалдық-техникалық базаны нығайту және педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру басты назарда болмақ.

3. Шаруашылық меңгерушісі А.Маханова :

Балабақша ауласын тазалап, жеміс ағаштары мен қара ағаштардың түбін қопсытып, әктеу жұмыстары өткізілуде. Балабақша ауласын көгалдандыру мақсатында дайындық жұмыстары жүргізілді. Жазғы сауықтыру айларына арналған балаларды оқыту мен тәрбиелеу, балалармен сауықтыру, профилактикалық , әдістемелік және ата-анамен байланыс жұмыстардың жоспарлары жасалғандығын, топтардың сауықтыру айларындағы күн тәртібі мен ойын іс-әрекеттерінің кестелері түзіліп, барлық мәдени іс-шаралардың жоспарлары дайындалғанын айтып өтті. Жазғы сауықтыру айларына балабақша ауласындағы барлық топтардың ойын алаңдарының жөндеу жұмыстарынан өткендігін, мысалы құм толтырылғандығын, олардың үстін жабу жұмысының жүргізілгендігін, ойын алаңындағы барлық ойыншықтардың бала қауіпсіздігі үшін тексерілгендігін, ойын бастырмаларының қайта дайындалғандығын айтып өтті.

4. Ойын алаңдары қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес келуі керек және үнемі тексерістен өткізіліп отыруы қажет. Ойын алаңындағы әткеншектер, сырғанақтар, баспалдақтар және басқа да құрылғылар мықты әрі зақымсыз болуы тиіс. Барлық құрылғылардың бекіткіштері берік, бос немесе сынған бөлшектері жоқ екендігі жайлы мәлімдеді.

5. Күнделікті топтардың жұмыс бағыттарын анықтау мен салыстыру мақсатында түрлі тақырыптар бойынша циклограмма жасалып, жүргізіліп жатқандығы туралы мәлімдеді.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Айлық жоспарды дайындап, есептеу балабақша есепшіге тапсырылсын.
2. Барлық педагогтер биылғы оқу жылының қорытынды жұмыстар есебін дайындасын.
3. Балабақша ауласының тазаланып, көгалдандыру жұмыстарының уақытылы жүзеге асуы шаруашылық меңгерушісіне, жазғы сауықтыру айларындағы жұмыстардың жоспар бойынша жүргізілуі топ тәрбиешілері мен мейірбикеге, жазғы сауықтыру айларындағы жұмыстардың жоспар бойынша жүргізілуін қадағалау әдіскерге тапсырылсын.
4. Балабақшада қауіпсіздік ережелерін сақтау шаруашылық меңгерушісі А.Махановаға тапсырылсын.
5. Балабақшаның басқару мен бақылау жұмысының өз дәрежесінде жүргізу әдіскер О.Татимоваға тапсырылсын.



Меңгеруші

Т.Бимырзаева

Хатшы

Г.Абдуллаева